

ЕТТІҢ ҚҰНЫ ШАРЫҚТАП БАРАДЫ. НЕГЕ?

5-БЕТ | ҚОҒАМ



БАЛҚАШТАҒЫ ТУРИЗМНІҢ БАҒЫН КІМ БАЙЛАП ОТЫР?

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ДОСТАЕВСКИЙ ДИДАРЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді.

№97
(4841)
Сейсенбі
19 тамыз
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖЫЛУ ТАРИФІ ӨЗГЕРЕ МЕ?

Астана қаласы бойынша жылу тарифін өзгертуге өтінім берілген, алайда баға жақын арада өспейтін болды. Бұл жөнінде «Астана-Теплотранзит» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Серік Амангелдинов мәлім етті.

«Баға өседі деген ақпарат жалған. Биыл көтерілген жоқ, 1 қыркүйектен бастап қымбаттамайды. Жалпы, жылу тарифін өзгерту туралы өтінімде бес жылдық кезең есептелген. Әрине, бағаны көтеруді сұраймыз, себебі барлық материал және салық міндеттемесі қымбаттап жатыр. Барлық желі біздің баланста, активтердің құны жоғары. Сәйкесінше, салық жүктемесі де артып отыр. Осыған байланысты штат санын көбейтіп, материалдар сатып алу қажет, ал олар қымбат. Сондықтан баға қайта қаралады. Мақұлданған жағдайда тариф 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді» деді компания өкілі баспасөз туры барысында.

Биыл жылу тарифі шамамен 10 пайызға өскен, келер жылы 20 пайызға арттыру ұсынылып отыр.



EGOV АРҚЫЛЫ АУЫСТЫРАДЫ

Енді ата-аналар мен заңды өкілдер баланы бір мектептен екінші мектепке ауыстыруды eGov.kz порталы арқылы жүзеге асыра алады, деп хабарлады ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Министрліктің ақпаратынша, бұл қызмет есептен шығару және бекіту талондарын, сондай-ақ жеке іс құжаттарын тапсыруды талап етпейді.

Өтініш беруші оқу тілін таңдап, қажет болса, өтінішін қайтарып ала алады.

Қызметті алу үшін портал жүйесін мына тәртіпте пайдалану керек: eGov.kz порталында тіркелу; «Білім» «Орта білім» бөлімінде «Балаларды мектептен мектепке ауыстыру» қызметін таңдау; Өтінішті толтырып, ЭЦҚ көмегімен қол қою; Нәтижемен Жеке кабинетте танысу керек.



ЖҰМЫС ТАБУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Астанада жұмыссыздық мәселесін шешу үшін бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді. Осы бағыттағы қызметті үйлестіретін ұйымдар арқылы биыл елордада 3000-нан аса адам тұрақты жұмысқа орналасты. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мәліметі бойынша бүгінгі таңда қалада жұмыссыз ретінде 18 мың адам ресми тіркелген.

ПОЙЫЗ БИЛЕТІ АРЗАНДАЙДЫ

«Қазақстан теміржолы» акционерлік қоғамының «Жолаушылар тасымалы» компаниясы кейбір бағытта теміржол билеттерін 40 пайызға дейін арзан сатып алуға болатынын хабарлады.

Компания мәліметінше, жеңілдіктер 2025 жылдың 22 қыркүйегінен 23 қазанына дейін қолданылады. Осы кезеңде жолаушылар еліміздегі 7 бағыт бойынша билеттерді төмендетілген бағамен сатып ала алады.


Астана қаласынан дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері жүретін мына пойыздарға жеңілдіктер қарастырылған:

№ 9/10 «Астана – Алматы», вагон түрі: отыратын (2С). Жеңілдік: отыратын орындарға 40 пайыз.

№ 65/66 «Астана – Жезқазған», вагон түрі: турист (2Д). Жеңілдік: купелік орындарға 25 пайыз.

№ 67/68 «Астана – Өскемен», вагон түрі: турист (2Д). Жеңілдік: үстіңгі орындарға 30 пайыз.

Арзандатылған билеттерді www.bilet.railways.kz ресми сайты арқылы немесе вокзалдағы билет кассаларынан сатып алуға болады.



КӘСІПКЕРЛЕР КҮНІ БЕЛГІЛЕНДІ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті бұйрығына сәйкес биылдан бастап 29 қазан күні ресми түрде кәсіби мереке – Қазақстан кәсіпкерлері күні болып белгіленді.

Бұл күнді таңдау маңызды тарихи оқиғаға байланысты болды. 2015 жылғы 29 қазанда бизнесті қолдау жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясаттың базалық қағидаттарын қалыптастыра отырып, кәсіпкерлік, инвестиция, бәсекелестік және мемлекеттік бақылау саласындағы негізгі заңнамалық актілерді шоғырландырған Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі қабылданды.

Бүгінде елімізде 2 миллион 300 мыңнан аса бизнес субъектісі тіркелген.

№97 (4841) 19/08/2025 Сейсенбі



ӨҢІРДІ ӨРКЕНДЕТУ КЕЛЕШЕГІН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановты қабылдады. Президентке Ақмола облысының биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өңірді өркендету перспективасы жөнінде баяндалды.

Марат Ахметжанов облыста барлық негізгі көрсеткіш бойынша өсім сақталып отырғанын жеткізді. Өңір ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін 1,2 триллион теңгеге дейін жеткізіп, елдің аграрлық секторының көшбасшысы ретіндегі орнын нығайтуды көздеп отыр. Биыл өнімділігі өте жоғары, соның ішінде майлы дақылдар алқабы 2,5 есе ұлғайды. Президентке инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде мәлімет берілді. Аршалы ауданында республикалық маңызы бар Aqmola индустриялық аймағы құрылды. Жалпы құны 4 миллиард доллардан асатын инвестициялық портфель жасақталды. Осы арқылы 10 мыңға жуық жұмыс орны ашылады.

Мемлекет басшысына әлеуметтік инфрақұрылымдар құрылысының барысы таныстырылды. Соңғы екі жыл ішінде 4,7 мың тұрғын баспаналы болды. Бұл алдыңғы жеті жылдың көрсеткішіне тең. Осылайша, кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал тобы 29 пайызға азайды. Қосшы қаласында үлескерлердің мәселесі оң шешіліп жатыр. Білім беру саласында екі жыл ішінде 21 мың оқушыға арналған 33 нысан бой көтерді. Жаңа оқу жылы қарсаңында өңірде апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешілді.

Жылыту маусымына дайындық жоспарға сай жүргізіліп жатыр. Көкшетауда электр қуаты – 240 Мвт, ал жылу қуаты 520 Гкал/сағат болатын жылу электр орталығы салына бастады. Су тазарту нысандарының құрылысы аяқталуға жақын. Соның нәтижесінде облыс орталығында тұратын 200 мың тұрғын сапалы ауыз сумен қамтылады. Жыл соңына дейін 9 елді мекенге газ құбыры тартылады. Кездесу соңында Президент реновация бағдарламасы арқылы халықтың әлеуметтік осал тобын баспанамен қамтудағы облыстың оң тәжірибесін атап өтті. Мемлекет басшысы егін жинау науқанын ұйымдастыру, Қосшы қаласының дамуы бойынша тиісті іс-шараларды қабылдау, су тасқынына қарсы жүйелі жұмыс жүргізу, сондай-ақ инвестиция тарту жөнінде нақты тапсырма берді.

ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ ӨРЛЕДІ

Үкімет Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, еліміздің өнеркәсіптік берік іргетасын құру бойынша кешенді жұмыс жүргізіп келеді. Отандық тауар өндірушілерді қолдауға және өңдеуші саланы дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр.

Осы орайда Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев индустрияландыру нәтижелері өңдеу өнеркәсібінің тұрақты өсуін көрсетіп отырғанын атап өтті. «Биылғы 7 айдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібі 6,1 пайызға өсті, ал өнім өндіру көлемі 16 трлн теңгеден асты. Бұл жерде экономикадағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі 13,9 пайызға дейін артқанын атап өткім келеді» деп мәлімдеді министр.



Отандық өндірістің өсуін ынталандыру мақсатында қаржылық қолдау құралдары пайдаланылуда. «Біз жергілікті, отандық өндірушілердің өсуін ынталандыру мақсатында белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз: өңдеу өнеркәсібінің 115 жобасын қолдауға 500 млрд теңге бөлінді. Бұл «Бәйтерек» холдингі сияқты даму институттары арқылы жүзеге асырылды» деп атап өтті Ерсайын Нағаспаев.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алуда отандық өндірушілерге басымдық берілді: 2025 жылдың 7 айында сатып алу көлемі 1,5 есеге өсіп, жалпы құны 1,2 трлн теңгеден асты. Тағы бір маңызды қолдау құралы – қазақстандық тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімі, ол сатып алудың ашықтығын арттырып, жалған өндірушілерді жоюға мүмкіндік береді. Оның іске қосылуы осы жылдың күзіне жоспарланған.

КЕЛІССӨЗ НӘТИЖЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы әріптесін АҚШ Президенті Дональд Трамппен Анкориджде өткен кездесу қорытындысымен құттықтады. Президенттің пікірінше, келіссөздер Ресейдің Украина жөніндегі ұстанымын американдық тараптың жақсы түсінуіне септігін тигізді. Бұл күрделі мәселенің шешімін іздеуде ортақ тіл табысуға көмектеседі. Қасым-Жомарт Тоқаев Аляскадағы саммитті Ресейдің халықаралық позициясын және әлемдік аренадағы өзара түсіністікті нығайту тұрғысынан айтулы кездесу болды деп санайды. Мемлекет басшысы сапардың сәтті ұйымдастырылғанын атап өтті. Қазіргідей күрделі жағдайда мұның саяси мәні зор. Владимир Путин өз тарапынан әріптесіне Аляскада өткен келіссөздің кейбір нақты аспектілері туралы мәлімет берді. Әңгімелесу соңында Қазақстан Президенті Ресей Президентіне энергетика саласындағы конструктивті ынтымақтастық үшін ризашылық білдірді.

КІА ЗАУЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловты қабылдады.



Президентке өңірдің биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық даму барысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары баяндалды. Құмар Ақсақаловтың айтуынша, облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 1,82 триллион теңгенің өнімін өндірген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,3 пайызға жоғары. Құны 337 миллиард теңге болатын 13 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Осы арқылы 3,4 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

Сондай-ақ көп ұзамай жылына 70 мың автокөлік шығаратын КІА зауыты іске қосылады. Бұл жаңадан 1500 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жүк автомобильдеріне жетекші белдем өндіретін «КамлитKZ» зауыты бар. Жобаның инвестиция көлемі – 160,5 миллиард теңге. Онда 550 жұмыс орны ашылмақ.

ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шарифке көңіл айту жеделхатын жолдады.

Қазақстан Президенті Пәкістанда су тасқыны мен нөсер жауынның салдарынан көптеген адамның қаза тауып, зардап шегуіне байланысты көңіл айтты. «Қаза болған адамдардың отбасыларына көңіл айтып, қайғысына ортақтасамын. Зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектеспін» деп жазылған жеделхатта.

ЗАҢСЫЗ ШЫҒАРЫЛҒАН АКТИВТЕРДІ ХАБАРЛАЙДЫ

Енді Интерпол Қазақстанға заңсыз шығарылған активтер туралы да хабарлап отырады. Бас Прокуратура таратқан ақпаратқа сүйенсек, Интерпол заңсыз шығарылған активтерді іздеу және қайтару үшін жаңа халықаралық құралды іске қосты.

Жаңа жүйе аясында елімізге алғашқы «күміс хабарлама» жолданды. Бұл құрал 196 мемлекетке заңсыз иемденген мүлік туралы ақпарат алмасуға, қозғалыс пен меншік иесін бақылауға мүмкіндік береді.


Бұған дейін Интерпол негізінен іздеудегі адамдарға қатысты деректер жинаса, енді активтердің де заңды мәртебесі қадағаланады. «Бұл бастама әлемдік деңгейде заңсыз капитал айналымына тосқауыл қоюға бағытталған» делінген ресми ведомство ақпаратында. Қазақстан былтыр активтерді қайтару жөніндегі комитет арқылы жобаның жұмыс тобына кірген.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Каспий теңізін зерттеуге үкіметтің резервтік қорынан 305 миллион теңге бөлінді.

Премьер-министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды. Бөлінген қаражат гидробиология, гидрометеорология, гидрохимия және спутник мониторингі зертханаларын жаңғыртуға жұмсалады. Ғалымдардың Каспий теңізінің аумағы азаяды (3/1) деген болжамы бар.


Бірақ ғалымдар ол қай уақытта орын алатынын айта алмай отыр.



Германияда 16 жасқа толмаған балаларға TikTok пен Instagram-ға кіруге тыйым салынбақ.

Бұл бастаманы Германияның бұрынғы білім және ғылым министрі, Жасылдар партиясының саясаткері Жем Өздемир көтерген. Оның пайымдауынша, балалар смартфондар мен БАҚ-ты «жауапкершілікпен» пайдалануды үйренбейінше, әлеуметтік желілерді пайдалануды шектеу керек.

Біз жастарға лицензиясыз көлік жүргізуге рұқсат бермейміз ғой. Әлеуметтік желіде де солай істеу керек.



АҚШ Айда атом электр станциясын салуды тездетпек.

NASA Жердің табиғи серігінде ядролық реактор құрылысын жеделдету жоспарын әзірлеп жатыр. Айда атом электр стансасын кім бірінші салса, сол ел оны зерттеуде үстемдік алады. NASA жоспары бойынша 2030 жылға қарай Айда 100 киловатт ядролық реактор іске қосылуы мүмкін. Бұл – бұрын-соңды болмаған жағдай. Енді АҚШ атом энергетика саласында Ресейден озып кеткісі келіп отыр.

БАЛАЛАРҒА ЖАЙЛЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары екі күн бойы Есіл өзенінің оң жағалауындағы тұрғын алаптарда орналасқан 10-нан астам балабақшаны аралады. Осылайша, депутаттардың мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің жағдайына мониторинг жүргізу жұмысы жалғасты. Бұл туралы мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Сәл шегініс жасасақ, бұған дейін қалалық мәслихат депутаттары ескі мектептер мен балабақшаларды жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруға қаржы бөлу туралы шешімді қолдаған болатын. Аталған бағдарлама ғимараттарды жаңартумен қатар, балалар үшін барынша жайлы және қауіпсіз жағдай жасауға бағытталған. Жұмыстың нәтижелері қазірдің өзінде байқалып отыр. Көптеген мекемелерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді: терезелер мен есіктер ауыстырылды, қасбеттер, шатыр, жылыту және жарықтандыру жүйелері жаңартылды. Кейбір балабақшаларда жаңа ойын жабдықтары орнатылып, заманауи оқу құралдары мен жиһаздар сатып алынды» деп түсіндірді мәслихат төрағасы.

РЕЛЬСТЕР ТӨСЕЛДІ

Жалпы ұзындығы 22,4 шақырым болатын LRT негізгі желісінде рельстерді төсеу жұмыстары аяқталды.



Барлығы № 101-118 станция аралығында және олардың аралықтарында 89 600 погондық метр рельс төселді. Қазіргі уақытта рельстерді дәнекерлеу жүргізіліп жатыр, одан кейін соңғы бекіту жұмыстары басталады. «Құрылыс барысында құрамында темір мөлшері жоғары көміртекті болаттан жасалған рельстер қолданылды. Олар жіксіз төсеу технологиясы тәсілімен алдын ала кернелген шпалдарға заманауи DTVII2-1 бекіту жүйесі арқылы орнатылды. Айтылған технология жылжымалы құрамның қозғалысы кезінде шу мен діріл деңгейін едәуір төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде жолаушылар мен жақын маңдағы аудан тұрғындарына қолайсыз жағдай туғызбау үшін жасалған» делінген әкімдік хабарламасында. Бұдан әрі төтенше жағдайлар кезінде жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін эвакуациялық платформаларды орнату жұмыстары жүргізіледі.

1 МЫҢ ТОННА ӨНІМ САТЫЛДЫ

«Барыс-Арена» ғимаратының аумағында Тәжікстан Республикасының Соғды облысынан әкелінген ауыл шаруашылығы өнімдері мен қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі өтті. Қалалық әкімдік таратқан ресми мәлімет бойынша Тәжікстаннан келген кәсіпкерлер 1 мың тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімдерін сатылымға ұсынды. Оның ішінде жаңа піскен жеміс-жидек пен көкөністер, кептірілген жемістер, жаңғақтар және бақша дақылдары бар.



Жәрмеңкеге барғандар ғасырлар бойғы дәстүрді сақтаған тәжік қолөнерінің бірегей бұйымдарын сатып алды. Ол жерде ұлттық тағамдар да сатуға ұсынылды. Күн сайын 10 қазанда кемінде 1 тонна палау дайындалып, 6 тандырда 5 мыңнан астам нан мен самса пісірілді. Жәрмеңкені ұйымдастырушылар Тәжікстаннан келген әртістер мен шығармашылық ұжымдардың қатысуымен ерекше концерттік бағдарлама әзірлепті. Бір қуанарлығы, тәжік әншілері қазақ әндерін нақышына келтіре орындады.

Іс-шараның басты мақсаты – шағын және орта бизнестегі мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту мен қолдау, сондай-ақ екі ел арасындағы мәдени және экономикалық байланысты нығайту. «Бұл – жай базар емес, нағыз мәдени оқиға. Мұндағы атмосфера сондай ерекше, шынымен де шығыс базарында жүргендей әсер қалдырады. Біз мұнда тек өнімдер мен кәдесыйлар алып қана қоймай, тәжік мәдениетінің рухын сезіндік» деп бөлісті өзінің әсерімен жәрмеңкеге келушілердің бірі.

Li-Fi желісі Wi-Fi-дан 100 есе жылдам.

Кореяның Озық технологиялар институты (KAIST) 400-800 ТГц диапазонындағы жарықты пайдаланатын сымсыз байланыс технологиясы – Li-Fi (Light Fidelity) әзірледі. Оның жылдамдығы – 224 Гбит/с, бұл әдеттегі Wi-Fi-дан едәуір асып түседі. Тағы бір айырмашылығы, Li-Fi жиілік спектрінің шектеулеріне тәуелді емес және кедергілерден жақсы қорғалған. Сөйтіп Оңтүстік Корея ғалымдары жылдамдығы да, қауіпсіздігі де артық платформа жасады.



Соңғы жылдары ауыл шаруашылығында проблемалар артпаса азаймады.

Топырақ сапасы нашарлап барады. Қазақстан территориясының 33 пайызы 90 миллион гектар жер деградацияға ұшыраған. Деградация дегеніміз – топырақтың тозуы, шөлге айналуы, тұз басуы, ластануы. Осы 90 миллион гектардың 29 миллион гектары құнарын мүлде жоғалтты, ол жерде еккен егін өнім бермейді. Зерттеулерге қарағанда, егістік жердің 75 пайызы – түрлі деңгейдегі деградация жағдайында.

Елордада ауқымды «Таза Қазақстан» бастамасы аясында және Спорт күніне орай «Тәні саудың – жаны сау» атты экологиялық акция өтті. Әкімдіктің ресми сайты хабарлағандай, іс-шараны Respublica партиясы қала әкімдігімен және «Жасыл ел» қозғалысымен бірлесіп өткізді.

ОРМАН ІШІН ТАЗАРТТЫ

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Акция барысында партия мүшелері, Respublica Jastary жастар қанаты мен ReWomen қауымдастығының өкілдері орман белдеуінде белгіленген бағдар бойынша жүгіріп өтіп, қоқыс жинады. «Біз үшін экологияны сақтау жайлы айту ғана емес, оған деген ұқыпты көзқарасты өзіміз үлгі ету маңызды. Плоггинг – бұл спорт пен қоқыс жинауды ұштастыратын экологиялық қозғалыс. Ол арқылы спорт, командалық рух және болашаққа қамқорлық бірігеді. Дәл осылай біз елімізді жақсы жаққа өзгерткіміз келеді» деді Respublica партиясы Орталық аппаратының басшысы Жанат Искаков. Ұйымдастырушылардың айтуынша, плоггинг «Таза Қазақстан» акциясының мақсаттарына қол жеткізуге және экологиялық жауапкершілігі жоғары қоғам қалыптастыруға елеулі үлес қоспақ.



АУҚЫМДЫ ІС-ШАРА ЖҮРІП ЖАТЫР

Астанада балалардың терезеден құлауының алдын алуға әрі болдырмауға бағытталған ауқымды профилактикалық акция өтуде. Әкімдіктің ресми сайты хабарлағандай, іс-шара өтетін №5 өрт сөндіру бөліміне қалалық Төтенше жағдайлар департаментінің, жасөспірімдер полициясының, әкімдіктің өкілдері, сондай-ақ еріктілер мен іздестіру-құтқару жасақтары жиналды.

Акцияның басты мақсаты – терезелерге қорғаныс механизмдерін орнату және халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы балалар арасындағы апаттық жағдайлардың санын азайту.

«Жыл басынан бері Астанада балалардың терезеден құлауының 50-ден астам жағдайы тіркелді. 39 бала әртүрлі жарақат алды. Бұл – алаңдататын статистика, біз бұған көз жұмып қарамаймыз. Бүгін еріктілер мен қалалық қызметтердің қолдауымен әлеуметтік осал отбасылардың пәтерлерінде блокаторлар орнатамыз» деді Астана ТЖД бастығының орынбасары, азаматтық қорғау полковнигі Қанат Алтынбеков. Ұйымдастырушылардың айтуынша, рейд барысында 600-ден астам отбасының пәтеріне шамамен мың блокатор орнатылады. Артықшылық – көпбалалы отбасыларға, жалғызбасты аналарға және тәуекел аймағында орналасқан басқа санаттарға беріледі.

Белсенділер құрылғыларды орнатумен ғана шектелмей, профилактикалық әңгімелер өткізеді, ата-аналарға баланы үйде қауіпсіздікпен қамтамасыз ету жолдарын түсіндіреді. «Блокатор – үйде кішкентай баласы бар әрбір пәтерде болуы тиіс зат. Оны орнату бірнеше минутты ғана алады, есесіне адам өмірін сақтап қалады» деді құрылғы орнатқан жергілікті тұрғын. Акцияға шамамен 600 адам қатысуда, олардың қатарында төтенше қызметтердің мамандары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері және еріктілер бар.

ЖҰМЫСШЫ ҚАЗА ТАПТЫ

Елордада жол жөндеп жүрген екі жұмысшыны автокөлік қағып кетті.

Бір жұмысшы оқиға орнында көз жұмды. Бұл ақпаратты қалалық полиция департаменті растады. «2025 жылғы 18 тамызда түнгі уақытта «Шкода» маркалы автокөлік жүргізушісі Қошқарбаев көшесінен Сарыарқа көшесіне қарай «Сарайшық» көпірімен келе жатып, жол жөндеу жұмысы жүргізіліп жатқанын ескермей, жұмыс істеп жатқан екі жұмысшыны қағып кетті. Жол апаты салдарынан жұмысшының бірі оқиға орнында көз жұмды, екіншісі ауруханаға жеткізілді. Болған оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеу жүргізіліп жатыр. Автокөлік арнайы коммуналдық тұрақка қойылды» делінген ресми хабарламада.

№97 (4841) 19/08/2025 Сейсенбі

ТИІМДІ БІЛІМ БЕРУ ӘДІСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Елордада «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – тиімді білім берудің негізі» атты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған панельдік сессия өтуде. «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» республикалық білім беру қызметкерлерінің Тамыз форумы аясында Астана қаласының Білім басқармасы және Әдістемелік орталық ұйымдастыруымен өтіп жатқан іс-шара мақсаты – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын арттыру, заманауи әдістемелер мен педагогикалық жаңашылдықтарды талқылау, тәжірибе алмасу және педагогтердің кәсіби өсуіне жағдай жасау.



Райхан РАХМЕТОВА

Оқушылар сарайындағы панельдік сессия үш секциялық отырыстан тұрды. «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту – тиімді білім берудің негізі» тақырыбындағы I секция мектепке дейінгі білім беру ұйымдары әдіскерлеріне арналады. Мақсаты – педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ететін механизмдер мен тиімді тәжірибелерді талқылау. II секция «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер» деп аталып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиешілеріне арналып отыр. Секцияда мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру кеңістігін жаңаша құру, баланың жеке ерекшеліктерін ескеру, инклюзивтілік пен цифрландыру мәселелері көтеріледі. III секция «Білім беру ортасын ұйымдастыру: көпфункционалдылық, психологиялық жайлылық, жекелендіру» тақырыбында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтеріне бағытталады. Бұл бағытта инновациялық технологияларды, жасанды интеллектіні қолдану, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тілдік және танымдық қабілеттерді дамытуға бағытталған әдістемелер ұсынылады.

Секция жұмысына Оқу-ағарту министрлігінің, мектепке дейінгі ұйымдар мен ғылыми-зерттеу орталықтарының мамандары, тәжірибелі педагогтер, ЖОО ғалымдары мен әдіскерлер қатысуда. Жалпы елорда бойынша осындай сессияларға мамандар офлайн және онлайн түрде қатысады. Сонымен қатар Қытай, Болгария, Жапония, Польшадан келген халықаралық спикерлер, яғни мектепке дейінгі білім беру бойынша мамандар да қатысып, өз тәжірибесін қазақстандық әріптестеріне бөлісуде.

– Дәстүрлі форум еліміздің барлық өңірінде өтіп жатыр. Соның аясында елордада жалпы 20-дан астам сессия отырыстары ұйымдастырылады. Оған қатысушылар бала тәрбиелеу және білім беру кезінде қолданылатын заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді цифрландыру, инклюзивті білім беруде жасанды интеллектіні қолдану және басқа да мәселелер бойынша тәжірибе алмасады. Форумның биылғы ерекшелігі – «Адал азамат» бағдарламасы және «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясындағы жұмыстарға бағдарлануы, – дейді Білім басқармасы Әдістемелік орталығының басшысы Сындар Дәуешова.

Астанада жыл сайын балалар саны шамамен 20 мыңға көбейіп отыр. Бүгінде қалада 526 667 бала тіркелген. Бұл көрсеткіш мектепке дейінгі ұйымдарға түсетін жүктеменің жылдан-жылға артқанын көрсетеді.

– Қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйымдардың алдына қойылып отырған басты міндет – олар ұсынатын қызмет сапасын арттыру. Сапалы қызметті ұсынудың бірінші бағыты – балалар қауіпсіздігі, тәрбиешілердің балаға бүкіл жан-тәнімен беріле, оларды шынайы жақсы көре отырып, тәрбие беруіне үлкен мән беру, – дейді Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институтының директоры Мария Ерманова.

Форумның сессиялық отырыстары өтетін нысандардың бәрінде әдістемелік көрме де ұйымдастырылып, оған Қазақстан бойынша барлық баспаның педагогтерге арналған әдістемелік құралдары, қосымша әдебиеттер қойылуда. Іс-шара алдағы екі күнде де жалғасады.



БОЛАШАҚҚА БАҒДАР ҚАНДАЙ?

Астанадағы Назарбаев университетінде дәстүрлі қалалық Тамыз форумының аясында педагогтерге арналған панельдік сессиялар өтті. Биылғы басқосуда педагогтердің кәсіби дамуы білім берудің сапалы кілті ретінде қарастырылды.

«Педагогтердің кәсіби дамуы: болашаққа бағдар» атты панельдік талқылауларға колледж директорлары мен орынбасарлары, Білім басқармасының өкілдері, бизнес қауымдастығы мен салалық бірлестіктер, сондай-ақ отандық және халықаралық сарапшылар қатысты. Олар оқытудың жаңа тәсілдерін енгізу, цифрлық сауаттылықты арттыру, жас мамандарды қолдау және педагогикалық тәлімгерлік тәжірибелерін ортаға салды.

Сонымен қатар форумда білім беру жүйесіне жасанды интеллектінің ықпалы кеңінен талқыланды. Сарапшылардың айтуынша, ЖИ педагогтің орнын баспайды, керісінше оның жұмысын жеңілдетіп, оқушылармен сапалы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді.

BilimLand компаниясының контент әзірлеу әдіскері Ақбота Ақжанова өз баяндамасында мұғалімдердің кәсіби өсуіне арналған BilimUstaz платформасының мүмкіндіктерін таныстырды. Онда жасанды интеллект құралдарын пайдаланып, мұғалімдерге сабаққа дайындалу, тапсырма әзірлеу, жоба ұйымдастыру сияқты жұмыстарды жеңілдету жолдары ұсынылған.

Ал Astana Polytechnic колледжі директорының орынбасары Әсем Исмайлова оқу орнының Erasmus+, Coursera, FutureSkills сияқты халықаралық платформалармен әріптестік орнатқанын ерекше атап өтті.

Тамыз кеңесі білім берудің болашағы – педагогтің кәсіби дамуы мен инновацияларды енгізуде екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

ЖАҢАШЫЛ КОЛЛЕДЖДІҢ ЖАРҚЫН БАСТАМАСЫ

Кеше «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында елорданың жетекші техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бірі – «Astana Polytechnic» жоғары колледжінде БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Елордадағы бұл колледж IT, мехатроника, киберқауіпсіздік, телекоммуникация және құрылыс технологиялары бағытында жаңа мамандар даярлайды. Өзінің үздік тәжірибесімен және инновациялық тәсілдерімен танымал оқу ордасы бүгінде білім мен өндірісті тоғыстырған заманауи орталыққа айналған.

Ержан ҚОЖАС


Қазақстан колледждерінің ТОП-10-дығына кіретін білім ұясында екі мыңнан астам студент бар. Олар 11 мамандық бойынша білім алуда. Оқу мекемесінде 7 заманауи ресурстық орталық жұмыс істейді. Оннан астам халықаралық білім беру жобасымен айналысып келеді. Сондай-ақ WorldSkills чемпионаттарында ұдайы жеңіске жететін мұндағы бітірушілерге елдегі жетекші компаниялардан жиі ұсыныс түсетіні де рас.

«30 жылдан астам тарихы бар «Astana Polytechnic» жоғары колледжі еңбек нарығына кәсіби мамандарды дайындап келеді. Біздің колледж «Talap» КЕАҚ жүргізген рейтинг қорытындысымен бірнеше рет республиканың «Үздік колледжі» атағына ие болды. 2021, 2022, 2024 жылдары техникалық және кәсіптік білім берудің «Үздік ұйымы» ретінде Астана қаласы әкімінің грантын иеленді. Оқу орнында 85 педагог бар, оның ішінде 9 педагог-өндірістік оқыту шебері, магистрлер, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, PhD докторы, педагог-шебер, педагог-зерттеуші, сондай-ақ республиканың 5 үздік педагогы қызмет атқарады» дейді колледж директорының орынбасары Сәния Досман.

Оның сөзінше, колледждің дуалды оқыту бойынша тұрақты серіктестері бар. Атап айтсақ, «Қазақтелеком» АҚ, Freedom Telecom, Kaztelesystem, Бителеком, IMBC халықаралық машина жасау орталығы, «Autoland» автосервистер желісі, «Aster Auto Astana» ЖШС, «Mega Motors Astana» ЖШС, «№1 автобус паркі» АҚ, «Hyundai Premium Astana» және т. б. кәсіпорындар колледжбен тығыз байланыста. Жалпы білім ордасы бүгінге дейін 200-ден астам әлеуметтік серіктеспен қарым-қатынас орнатып, студенттерге кәсіптік және өндірістік тәжірибеден өтуге, сондай-ақ оқуды бітіргеннен кейін жұмысқа тұрақты орналасуға үлкен мүмкіндік тудыруда.

Баспасөз туры барысында журналистер ресурстық орталықтардың жұмысымен танысып, желілік технологиялар, IT-құзыреттер орталығы, «ақылды» сантехника, автоматтандыру, құрылыс материалдары, мехатроника және робототехника зертханаларын аралап көрді. Түлектердің жетістік тарихы да таныстырылып, колледждің Мансап орталығының негізгі міндеті де айтылды.





> Колледж басшылығының айтуынша, қазір техникалық мамандыққа бұрынғыдай емес, сұраныс артқан. Оған басты себеп – жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары. Әсіресе, IT мен техникалық қызмет көрсету саласына оқуға қызыққан мектеп түлектері жетерлік. Мысалы, осы колледжде бір орынға 5 талапкер конкурсқа түсіп отыр

«Мен қазір 3-ші курсқа аяқ бастым. «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығында оқимын. Біз мұнда көліктің барлық түрін жөндеуді үйрендік. Тіпті заманауи электронды көліктерге техникалық қызмет көрсетуге де даярмыз. Ең бастысы, біздің мамандыққа елімізде сұраныс жетерлік. Өйткені, қазір көлік өте көп әрі түрлі нұсқада шығып жатыр. Ал бұл салаға механик, кузов жөндеуші, электр маманы керек екені анық. Болашақта Қытай еліне барып, өз мамандығымды жетілдірсем деген ойдамын. Өйткені, түрлі көлік шығару ісінде осы мемлекеттің өндірісі алға шығып барады» дейді Нұрлыбек Рустамбеков.

Колледж басшылығының айтуынша, қазір техникалық мамандыққа бұрынғыдай емес, сұраныс артқан. Оған басты себеп – жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары. Әсіресе, IT мен техникалық қызмет көрсету саласына оқуға қызыққан мектеп түлектері жетерлік. Мысалы, осы колледжде бір орынға 5 талапкер конкурсқа түсіп отыр.

Айта кетейік, биыл 542 түлек колледжді тәмамдаған. Сондай-ақ 800-ге жуық баланы осы жылы мемлекеттік тапсырыс негізінде оқуға қабылдау жоспарланыпты. Мұнда шәкіртақы да бар. Оқу озаттары мен үлгерімі жақсы студенттерге 41-45 мың теңге беріледі. Сондай-ақ қоғамдық көлікпен жүру кезінде екі АЕК ретінде жол жүру билеті де қарастырылған. Ең бастысы, жатақханада тұру тегін.

«Біз 10 халықаралық колледждің бірі болуды мақсат етіп қойдық. Сонымен қатар, осы жылдың қыркүйегінен бастап 938 орындық студенттерге арналған жатақхананы пайдалануға беру жоспарлануда. Ал «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында «Polytech Generation – 2025» I Халықаралық фестивалін өткізу ойластырылып жатыр» дейді Сәния Нағмедханқызы.

Директордың орынбасары колледжде еңбек нарығының сұранысы үнемі қадағаланып, тұрақты түрде мониторинг жүргізілетінін айтады. Мысалы, оқу орны Астана қаласындағы арнайы экономикалық аймақта орналасқан №1 Индустриялық парктің құрамындағы 130-дан астам кәсіпорынның кадрларға деген қажеттілігіне талдау жасап, ең керекті мамандықтар тізбесін жасаған. Олардың қатарында дәнекерлеушілер, слесарь-жөндеушілер, мехатроника мамандары, электромонтерлер, бағдарламашылар, механиктер және құрылысшы-жобалаушы бар. Ал бұл дерек колледждегі оқу бағдарламасын еңбек нарығымен сәйкестендіруге мүмкіндік бермек.

Расымен де қазір техникалық және жұмысшы мамандықтарға сұраныс өте көп. Яғни, техникалық мамандық тұрақты табыс көзіне мықтап айналғандай. Ал «Astana Polytechnic» жоғары колледжі осы мақсатпен жастарға сапалы білім беріп, сенімді болашаққа жол ашып отыр.

Қазақстан – мал шаруашылығына қолайлы, ет өндіруде айтарлықтай әлеуеті бар мемлекет. Дегенмен соңғы жылдары халықтың азық-түлік шығындары ішінде ет пен ет өнімдерінің бағасы үнемі қымбаттап келеді. Әсіресе, 2025 жылдың басында ет бағасы тағы да айтарлықтай өсті. Сиыр етінің бағасы Астанадағы ет дүкендерінде 4500 теңгеге дейін шарықтады. Яғни, сиыр еті бір айда 1,8 %, ал бір жылда 19 % қымбаттаған. Ел бойынша бір келі сиыр етінің орташа бағасы қазір 3 200 теңге болып тұр. Алдағы уақытта сиыр етінің бағасы 5000 теңгеге жетуі мүмкін деген болжам да жиі айтылып жүр.

ЕТТІҢ БАҒАСЫ ШАРЫҚТАП БАРАДЫ. НЕГЕ?



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Соңғы жылдары қуаңшылық, жем-шөптің қымбаттауы, сондай-ақ экспорттық сұраныстың артуы Қазақстандағы ет бағасына айтарлықтай әсер етті. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2025 жылдың маусымында ет пен ет өнімдерінің бағасы өткен жылдың маусымымен салыстырғанда 11,3 % қымбаттаған. Атап айтқанда, сиыр етінің бағасы 16,9 % және қой еті 16,1 % өскен. Бұл жағдай халықтың тұрмысына ғана емес, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне де әсер етуде.

Мал шаруашылығы шығынының негізгі бөлігі жем-шөпке тиесілі. Соңғы жылдары электр мен жанар-жағармайдың бағасының өсуіне ілесіп, мал азығының құны да бірнеше есеге өсті. Бір телешке шөптің бағасы кей өңірлерде 70-80 мыңға дейін көтерілсе, ораулы шөптің бағасы 8-10 мың теңгеге жетті. Бұл шағын шаруа қожалықтарына ғана емес, ауылдағы мал ұстайтын қарапайым халықтың да қалтасына ауыр салмақ.

Кейінгі жылдары көршілес Өзбекстан сияқты елдердің етке болған сұранысы артып, Қазақстаннан тірі мал да импорттай бастады. Яғни, Тәжікстан мен Өзбекстан, Қытай тарапынан етке сұраныстың көбеюі де – бағаның өсуіндегі басты факторлардың бірі. Биыл сәуір айында Мәжілісте өткен дөңгелек үстелде «Қазақстан ет одағы» бірлестігінің басқарма төрағасы Мақсұт Бақтыбаев тірі мал экспортына қойылған тыйымның салдары елде етті қымбаттатып жібергенін алға тартқан болатын.

– 2010 жылдан бастап, ет бағытындағы мал шаруашылығын дамыту бағдарламасы қабылданып, субсидия мен кредит ретінде триллиондаған қаржы бөлінді. Сырттан асыл тұқымды мал әкелініп, бордақылау алаңдары салынды. Осының арқасында Өзбекстан мен Қытайдың, Иранның нарығын өзімізге аша алдық. 2019 жылы 240 мың ірі қара, 15 мың тонна сиыр етін экспорттаған едік. Дәл осы жылы мал экспортына тыйым енгізілді. Бұған сиыр етінің 2 есеге жуық қымбаттағаны себеп болды. Бірақ кейін ет бағасымен бірге малдың саны түсті. Өйткені 8 млн ірі қараға ішкі нарығымыз тым тар болды. Салдарынан демпинг басталды. Малдың тірі салмағын килограмына 1500-1600 теңгеден сатып ала бастады. Бұл өзіндік құнынан 20 пайыз төмен еді. 4-5 жыл бойы осылай болды. Осы аралықты фермерлер 2 млн басты пышаққа жықты. Өйткені өзіндік құнын ақтамайтын малды ұстаудың шығыны көп болды. Жұмысшыларға айлық, банктерге несие төлеу үшін малды тиімсіз бағамен сатуға мәжбүр болды, – деді одақ басшысы.

Әрине, сыртқы нарықтағы баға ішкі нарыққа қарағанда жоғары болғандықтан, өндірушілер етті алдымен экспортқа бағыттайды. Бұл жағдай шараларға тиімді болғанымен, ішкі нарықтағы ұсыныстың азаюына, сәйкесінше бағаның көтерілуіне ықпал етті. Сонымен қатар, экономикалық инфляция, жанармай бағасының қымбаттауы, тасымал шығындарының өсуі де еттің түпкілікті бағасына әсер етті.

Ет бағасының өсуі қарапайым халықтың тұрмысына тікелей әсер етуде. Бірқатар өңірде отбасылар етті бұрынғыдай күнделікті тұтынудан гөрі мереке-мәзірге ғана қолдануға көшкен. Кейбір зерттеулер бойынша, қазақстандық отбасылардың етке жұмсайтын шығыны табысының 30%-ына дейін жетеді. Елімізде 2025 жылдың бірінші тоқсанында орташа жан басына шаққандағы ет тұтыну 20,6 кг-ға жетті. Бұл былтырғыға қарағанда 1,7% артық. Яғни, халықтың етке деген сұранысы әлі де жоғары. Мәселен, 2025 жылдың бірінші тоқсанында қазақстандықтар ет пен ет өнімдеріне орташа есеппен 157 900 теңге жұмсаған, бұл бір жыл бұрынғы кезеңге қарағанда 9,5 % жоғары.

Баға әр өңірде әртүрлі. Мәселен, Шымкентте өсім – 34,3% болса, Ұлытау өңірінде баға – 27,6%, Ақмола облысында – 26,5%. Салыстырмалы түрде айтқанда, арзан баға – Атырау облысы мен Алматы, Астана сияқты ірі қалаларда. Онда да еттің өсу құны 10%-дан астам.

– Сиыр етінің келісін 3500 теңгеден сатып жатырмыз. Бізге келу бағасы да жоғары. 3300-3350 теңгеден, тіпті, 3400 теңгеден де аламыз. Еттің сапасына байланысты баға да өзгереді. Астана қаласы бойынша ең арзан баға да осы базарда. Ет дүкендерінде 4500 мыңға дейін саудаланып жатыр, – дейді Шапағат базарында ет сататын Балқия Мұстафина.

Бірақ базарда еттің бағасы 3000 теңгенің үстінде болғанымен, ауылдардағы қарапайым халық семіз құнажын, дөнежін сиырларының етін 2700, 2800 теңгеден әзер сатады. Ауылдағы сол арзан ет қалаға келгенде неге бір есе қымбаттап кететінін түсініксіз?!

Қазақ – ежелден мал өсіріп, етпен елді асыраған жұрт. Даласы малға жайлы, жері кең-байтақ. Бірақ соңғы жылдары осы артықшылығымыздың өзінен айырылып бара жатқандаймыз. Қуаңшылықтың қайталануы, жем-шөптің қымбаттауы, инфляция мен жанар-жағармай құнының өсуі – бәрі қосылып, қарапайым халықтың қазанындағы етті азайтып жіберді. Бүгінгі таңда елордадағы ет дүкендерінде сиыр еті 4 500 теңгеге дейін көтерілді. Мұндай қымбатшылық ауылдағы мал иесіне де, қаладағы тұтынушыға да оңай соқпай тұр. Кезінде ішкі нарықты толық қамтуға шамасы жететін Қазақстан қазір сыртқы сұранысқа көбірек қарап отыр. Ал ішкі нарықта еттің азаюы – бағаның өсуіне, халық тұрмысының қиындауына әкеліп отыр.

– Қазір Үкімет тарапынан ет бағасын тұрақтандыруға қатысты ешқандай икемді саясат жоқ. Мал бағушыларға жеңілдетілген несиелер де берілмей жатыр. Осыдан бұрын «50 миллиард ақша бөлінеді» деген ақпарат тараған, бірақ ол әлі күнге дейін атқарылған жоқ. Берсе де, оны алудың шарты да оңай болмауы мүмкін. Яғни 1,5 миллиард несие алу үшін кемінде 1 миллиард теңгенің кепілін қою керек. Оған жұрттың бәрінің шамасы келмейді ғой. Ал мал экспортына шектеу қойылғанымен, Өзбекстаннан келген делдалдар ауылдарды аралап жүріп мал жинап, заңсыз жолмен шекарадан өткізіп әкетіп жатыр. Бұл да бағаға әсер етеді, – дейді «Қазақстан ет одағы» бірлестігінің атқарушы директоры Асхар Жубатыров.

Ет – қазақтың ғана емес, Қазақстанда тұратын әрбір жанның дастарханынан үзілмейтін негізгі ас. Сондықтан жем-шөп өндірісін қолдау, экспорт пен ішкі нарық арасындағы тепе-теңдікті сақтау, фермерлерді қорғау – бүгінгі күннің ең өзекті міндеті. Әйтпесе, ертең еттің бағасы 5 мыңға емес, одан да асып кетуі ғажап емес. «Ет – ердің асы, елдің ырысы» дейді қазақ. Ырысымызды қолдан шығарып алмау – бәрімізге ортақ міндет.



ҚҰРМЕТТІ ЭНЕРГЕТИК

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Астаналық Жұмаділовтер әулетінің жұмысшы мамандықтар саласындағы жалпы еңбек өтілі 70 жылдан асады. Отағасы Базарбай Оспанұлы «Астана-Теплотранзит» АҚ-та ширек ғасыр еңбектеніп, былтыр зейнетке шықты. Қазір жолын ұлдары Болатбек, Бейсенбек және Бекболат жалғастырып, дәл осы кәсіпорында жұмыс істеп жатыр. Соның ішінде бүгінгі әңгімеміз Бейсенбек Базарбайұлы жайлы болмақ.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Бейсенбек Жұмаділовтің бас қаланы жылумен қамтамасыз ететін кәсіпорында еңбек етіп келе жатқанына 20 жылдан асты. Осы мекемеде практикадан өтіп, кейіннен маман ретінде жұмысқа қабылданды. Бұған әке әсері аз болмады. Қазір слесарь болып еңбектенетін ол жылу желілеріндегі ақауларды жедел қалпына келтіріп, жүйенің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін бригадаға жетекшілік етеді.

«Біздің Баршын ауылында дәнекерлеуші маман қат еді. Осы оқуды оқып, «Астана-Теплотранзитте» практикадан өтіп, әкемнің айтуымен қалып қойдым. Барлығы ұнады. Бастысы, тұрақтылық бар. Жұмыс өз уақытымен жүзеге асады. Әр бригаданың өз ауданы бар. Күнделікті шақырту болмаса, нақты кестемен жұмыс істейміз» дейді ол.

Бейсенбек Базарбайұлының жұмыстан тыс бос уақыты өз үйінің жанынан салған шеберханасында өтеді. Қолөнерге бала кезінен қызықты. «Әке көрген оқ жонар» демекші, бұған да әртүрлі бұйымдар жасайтын әке өнегесі әсерін тигізді.

«Ағашқа деген құмарлығым мектеп кезінен басталды. Шағын бұйымдар жасап, шеберлігімді шыңдадым. Оқу бітіргеннен кейін шахмат жасап көрдім. Жақсы шыққан сияқты. Содан қолөнермен шындап айналысайын деп шештім. Бірақ мәселе табыс табуда емес, өзіме осы ісім өте ұнайды. Адамдар қызығып жатса, жасаған затымды тегін-ақ сыйлық ретінде бергім келіп тұрады» дейді қолөнер шебері.

Ол домбыра, киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ секілді бөлшектерін, орындық, сандық, құдалық сияқты ұлттық дәстүрімізге сай



шағын кәдесыйлар жасайды. Үйінің ауласына балаларға арналған ойын алаңын өз қолымен жасап шықты. Соның ішінде ағаштан әткеншек жасады.

Бейсенбек Базарбайұлы жұмысында да абыройсыз емес. Білікті маман ретінде өзін көрсетіп, еңбегі жоғары бағаланып келе жатыр. Бірнеше құрмет грамоталарымен, «Еңбек сіңірген энергетик» медалімен, «Құрметті энергетик» төсбелгісімен марапатталды. Бір сөзбен айтқанда, еңбегі арқылы биіктерге шығандап барады.

ТРАКТОР ТІЗГІНДЕГЕН ТӨКЕН

«Астана-Теплотранзит» АҚ көлік қызметінің механизаторы Төкен Рақымжановтың жалпы трактор тізгіндегеніне 40 жылдан асса, соның 27 жылын осы мекемеде еңбек етумен өткізіп келеді. Қорғалжынның Кеңбидайық ауылында дүниеге келген ол бұл мамандықты бала кезден арман-дағанын айтады. Бүгінде ол – елордада жылу құбырлары жарылып, су басу қаупі туындағанда бірінші болып, апат болған жерге жететін мамандардың бірі.



Райхан РАХМЕТОВА

Көзін ашқалы ол туған ауылында қарапайым халықтың мал және егін шаруашылығымен айналысқанын көріп өсті. Грейдер жолмен жүйткіп жүретін алып тракторларды көріп, соны бір тізгіндесем деп қатты қызығатын. Ақыры Қорғалжында училищеде механизатор мамандығын меңгеріп, өз ауылында 1998 жылға дейін егін шаруашылығында бидай, арпа тасып, орып еңбек етті. Оқуын бітірген соң Отан алдындағы борышын өтеген екі жылда да танк айдаған. Совхоздар тараған соң, енді Астана атанып жатқан Ақмолаға келіп, қазіргі жұмыс орнына қызметке тәжірибелі маман ретінде бірден жұмысқа алынады. Бүгінде ол қаладағы жылу жүйелерінде туындаған ақаулар барысында шұғыл қызмет етіп, тұрғындар қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етеді. Ауысымдық жұмысында бір күн күндіз, бір күн түнде жұмысқа шығып, екі күн демалады. Жұмыс уақыты күндізгі ауысымда таңғы 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін, түнде одан әрі қарай таңға дейін созылады. Сол аралықта ол апатты жағдай және жоспарлы жұмыстар бойынша «Беларусь-82» тракторына мініп, бригадамен бірге тығым таппай жұмыс істейді.

– Қаланың жылу құбырлары жарылса, сорғымен тазалап, су басуға жол бермей, бригадаға көмек береміз. Қыста қар тазалау жұмыстарына қатысамыз. Мен айдайтын трактордың бір қапталы соған ыңғайлап жасалған. Ауысымдық болғандықтан демалыс пен мерекеге қарамай жұмысқа шығамыз. Келесі жылы қаңтарда зейнеткерлік жасқа жетемін, егер ұжым қолдап жатса, әлі де еліме қызмет ете бергім келеді, – дейді тәжірибелі маман.

Салаға сіңірген адал еңбегі үшін ол «Үздік трактороршы», «Энергетика ардагері» атақтарына ие болған. Екі баланың әкесі Төкен Хамитұлы қызынан туған жиендеріне ата болып жүрген жайы бар, ал ұлы – әлі мектеп оқушысы. Өмірлік жары да өзі сияқты техника саласында, депода қызмет етеді. Қазіргі ұжымы өзіне жайлы, ауызбіршілігі мол, әрі мықты мамандарға құрметпен қарайтынын айтады. Содан болар, бір жерде тапжылмай отыз жылға жуық уақыт еңбек етуде. Жұмыстан босаса, көбіне демалып тыныққанды жөн көреді. Себебі қысы-жазы трактор кабинасындағы ыстық пен суыққа, қатты шуылға шыдау үлкен табандылықпен қоса жақсы тынығып демалуды қажет етеді. Әбден тынығып алған соң әрі қарай тың қалпында жұмысына қайта кірісіп кетеді.


№97 (4841) 19/08/2025 Сейсенбі

ЖҰМЫС ТАБУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Бас қалада жұмыссыздықтың деңгейі 4,4 %-ға төмендеген. Биылдың өзінде 3000-нан астам адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Дегенмен, екі қолға – бір күрек мәселесі түбегейлі шешілді деп айтуға болмайды. Өйткені дәл қазіргі таңда 16 мың астаналық өзіне лайықты жұмыс іздеп жүр...









Жұмыссыздық деңгейінің тым жоғары немесе тым төмен болуы экономикамызға кері әсер етеді. Мамандардың айтуынша, алғашқы жағдайда экономикалық дағдарыс қаупі туындаса, екіншісінде инфляцияның үдеуі ықтимал. Бір қызығы, жұмыссыздық жағдайында мамандар өз біліктілігін одан әрі арттыруға тырысса, ал жұмыс берушілер үміткерлер арасынан ең мықтысын таңдай алады.

ТӘЖІРИБЕ БОЛМАСА ДА, ЖОҒАРЫ ЖАЛАҚЫНЫ КӨЗДЕЙДІ

Отандық экономистердің пікірінше, жұмыссыздықтың уақытша өсуі – қалыпты жағдай. Ал Астана қаласы Мансап орталығының жетекшісі Бағила Орымбетованың айтуынша, бүгінде елордада жұмысқа орналасу мәселесінде белгілі бір тепе-теңдік бар. Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының деректеріне сүйенсек, қалада ресми тіркелген жұмыссыздар саны – 18 мың, жыл басынан бері олардың 3 мыңы тұрақты жұмысқа орналасқан.

«Бүгінгі жастар өте талғампаз. Диплом алған соң бірден жоғары жалақысы бар басшылық қызметке орналасқысы келеді. Мұндай жағдайда біз психолог әрі тәлімгер рөлін атқарып, алдымен тәжірибе жинау қажеттігін түсіндіреміз. Әрине, айына миллион теңгеге дейін табыс табуға болатын жоғары жалақысы бар бос орындар да бар, негізінен, жеке секторда. Бірақ ондай орындарда мамандарды іріктеу өте қатаң. Қазіргі уақытта ең көп сұраныс – бағдарламашылар мен инженерлерге, құрылыс саласында да тапшылық айқын сезіледі. Ол мамандарды бірден жұмысқа аламыз. Бізге заңгерлер, бухгалтерлер, психологтар да келеді, олардың тұрақты жұмыс табуы қиындау, бірақ олар да кейде туыстас мамандықтар бойынша жұмысқа орналасады. Қалаған жағдайда жастарды «Жастар практикасы» бағдарламасына жібереміз, онда айына 30 АЕК (110 760 теңге) төленеді, сондықтан көпшілігі келісе бермейді. Дегенмен жас мамандар үшін бұл – мансапты бастауға жақсы мүмкіндік. Біз жыл сайын субсидия көлемін арттыруды сұраймыз. Бұл жастарды мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға ынталандырады. Тек «Жастар практикасы» аясында төрт мың бос орын және мың жұмыс беруші дайын» дейді Бағила Орымбетова.

СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАР

Астанада жыл басынан бері 25 бос жұмыс орны жәрмеңкесі өткен. Оған 224 жұмыс беруші қатысты. Аталмыш жәрмеңкеде құрылыс, өндіріс, сауда, қоғамдық тамақтану, қаржы және сақтандыру, көлік, қойма және басқа да салалар бойынша 5 798 бос жұмыс орны ұсынылды.

«Ең сұранысқа ие мамандықтар – жабдық инженері, слесарь, түрлі бағыттағы бухгалтер, архитектор, жобалаушы инженер, түрлі санаттағы жүргізушілер, заңгер, сату менеджері, қаржы кеңесшісі, несие менеджері және тағы басқалар. Кадр тапшылығы ең көп сезілетін салалар – денсаулық сақтау, сауда, құрылыс және өндіріс. Жәрмеңкелерге барлығы 3 408 жұмыссыз қатысты» деді Еңбек мобильділігі орталығының басшысы Олжас Омар.

ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ҚОЛДАУ ҚАНДАЙ?

«Біз міндетті түрде жәрмеңкеге қатысушылардың тұрақты жұмысқа орналасу барысын қадағалаймыз. Әдетте кадр бөлімдерімен хабарласып, қанша адам келгенін, қаншасы жұмысқа тұрғанын анықтаймыз. Бізбен 100 мыңнан астам жұмыс беруші әртүрлі сала бойынша жұмыс істейді. Ыңғайлы болу үшін Электронды еңбек биржасы жасалған. Міндетіміз – дерек-

БҮГІНДЕ **13315** АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН (ЖОСПАРДЫҢ 127%-Ы), ОНЫҢ ІШІНДЕ **7698** ЖАСТАР (ЖОСПАРДЫҢ 148%-Ы):

- ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСҚАНДАР **3803**
- ЖҰМЫС БЕРУШІ ТАРАПЫНАН ОҚЫТУ **39**
- SKILLS.ENBEK.KZ ПОРТАЛЫНДА ОНЛАЙН-ОҚУДАН ӨТКЕНДЕР **985**
- «БАСТАУ БИЗНЕС» ЖОБАСЫ БОЙЫНША ОҚУДЫ АЯҚТАҒАНДАР **2068**
- ЖАҢА БИЗНЕС-ИДЕЯЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА ГРАНТ АЛҒАНДАР **61**

терді тұрақты жаңартып, бос орындар тізімін толықтыру, жұмысқа тұрған азаматтардың мансабын қадағалау. Квота бойынша да арнайы қолдау шаралары бар. Мысалы, 50-ден астам қызметкері бар кәсіпорындар мүмкіндігі шектеулі азаматтарды, түзеу мекемелерінен босатылғандарды және әлеуметтік осал топтағы азаматтарды жұмысқа ала алады. Сондай-ақ жұмысқа орналастыруға кеңес беру, курстар, гранттар және басқа да белсенді шаралар кіреді. Бұған қоса, субсидияланатын жұмыс орындары бар, мұнда жалақыны жұмыс берушінің орнына мемлекет төлейді» деп түсіндірді О.Омар.

ТИІМДІ БАҒДАРЛАМАЛАР ТІЗІМІ

Айта кетейік, субсидияланатын жұмыс орындарына қоғамдық жұмыстар, әлеуметтік жұмыс орындары, Жастар практикасы, қысқа мерзімді курстар және 50 жастан асқан жұмыссыздарды қолдау кіреді.

Қоғамдық жұмыстар – кәсіби дайындықты қажет етпейтін, әлеуметтік маңызы бар, уақытша жұмыстар. Жалақысы – кемінде 24 АЕК (88 608 теңге), қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Биыл бұл бағдарламаға 3 541,7 млн теңге бөлінді. 588 жұмыс берушімен келісім жасалды, 400-ден астам жұмыс орны ашылып, 2 978 адам жұмысқа орналасты, оның 1 263-і – жастар.

Әлеуметтік жұмыс орындары – жұмыссыздарды жалақысының бір бөлігін субсидиялай отырып, тұрақты жұмысқа орналастыру. Субсидия – жалақының 35%-ы, бірақ 24 АЕК-тен аспайды. Биыл 211 жұмыс берушімен келісім жасалып, 200-ден астам жұмыс орны құрылды, 254 адам жұмысқа орналасты. Бағдарламаға 157,5 млн теңге бөлінді.

Жастар практикасы – колледж, бакалавриат және магистратура түлектерін мамандығы бойынша тәжірибе жинау үшін жұмысқа орналастыру. Жалақы – кемінде 30 АЕК, мерзімі 12 айға дейін созылады. Өткен жылы бағдарламаға 1 900 түлек қатысты. Биыл 780 жұмыс берушімен келісім жасалып, 1 400-ден астам жұмыс орны ашылды, 376 жас маман жұмысқа орналасты. Бағдарламаға 993,9 млн теңге бөлінді.

«Күміс жас» жобасы – 50 жастан асқан жұмыссыздардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған. 1-жылы жалақының 70%-ы (30 АЕК-тен аспайды), 2-жылы – 65%, 3-жылы 60% төленеді. Мерзімі 36 айдан аспайды. Биыл 521 келісім жасалып, 677 адам жұмысқа орналасты, 656 бос жұмыс орны ашылды. Бағдарламаға 1 939,9 млн теңге бөлінді.

Қысқа мерзімді курстар – жұмыс берушілердің сұранысы бойынша жұмыссыздарды 1-6 ай аралығында оқыту. Оқыту кезінде 43 574 теңге стипендия және 2 АЕК мөлшерінде біржолғы көмек төленеді. Жұмыс берушіде оқу кезінде жалақы – кемінде 20 АЕК. Биыл 230 жұмыс орнына 13 өтініш түсті, оқу аяқталған соң 27 адам жұмысқа орналасты, тағы 11 адам оқып жатыр. Бағдарламаға 50 млн теңге бөлінді.

«Жұмысқа орналастыру бағдарламалары жыл сайын тиімділігін көрсетіп келеді. Бұл шаралар жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермейді. Сонымен қатар, жұмыс берушілер субсидияланған бағдарламаларға қатысу арқылы өндірістегі бюджетін үнемдеп, оны өнімділікке жұмсай алады» дейді О.Омар.

P.S: ***Елордада кадр тапшылығы бір жағынан жалақыны көтеруге, халық табысын арттыруға әсер етсе, екінші жағынан еңбек өнімділігіне және инфляцияға ықпал етуі мүмкін. Ал жұмыссыздарды қолдауға арналған жоғарыдағы мемлекеттік бағдарламалар тұрғындардың кәсіби әлеуетін арттырып, тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді. Дегенмен, еңбек нарығында тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тек жалақыны өсіру жеткіліксіз. Қала экономикасының ұзақ мерзімді дамуы мамандардың біліктілігін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға тікелей байланысты.***

БАЛҚАШТАҒЫ

ТУРИЗМНІҢ БАҒЫН КІМ БАЙЛАП ОТЫР?

Төлен ТІЛЕУБАЙ



Расында да таң атып келе жатқанда күн мен көлдің тұтасып, әдемі суретке айналатынын көрудің өзі бір ғанибет. Көлдің суы жып-жылы, мөп-мөлдір. Бұл жақтың климаты құрғақ, жауын-шашын аз жауады. Жазда 120-130 күнге дейін жылы болып тұрады. Маусым-шілде айларында ауа температурасы +37-42 градусқа дейін ысиды. Көлге шомылушылар негізінен осы екі айда келеді.

ТУРИСТЕР КӨБЕЙДІ, БАҒА ҚЫМБАТТАДЫ

Биыл жаз басталғанда Балқаш қаласының әкімдігі туристік маусымға қатысты болжамдар жасады. Балқаш көлі «жағажай астанасына» айналып, бірнеше мыңдаған туристі магнитше тартады деп хабарлама таратты. Расында да маусым-шілде айларында отандық, шетелдік туристер Балқашқа ағылды. Ресми мәлімет бойынша, 6-8 шілде күндері өңірге 60 мыңнан астам саяхатшы барды. Бұл өткен жылдың шілдесімен салыстырғанда 20 пайызға көп. Ал 2025 жылды тұтас алғанда 160 мың (бұрынғысы 125-130 мың) адам демалуға келеді деп болжанды. Алайда тамыздың басында күн салқындап, жағажайда демалушылардың саны азайып қалды. Әлбетте, туристер санының кемуіне ауа-райының қолайсыздығы ғана емес, сервистің сапасы мен көрсетілетін қызметтің құны да әсер еткен. Мұны демалуға барғанда біз де өз көзімізбен көрдік.

Балқаштан 20 шақырым жердегі Тораңғылық кентіндегі «Пегас» атты демалыс аймағына орналастық. Үш мезгіл тамағы, жатын орны, балаларға арналған ойын алаңы, би алаңы бар демалыс базасының 4 кісілік шағын бөлмесін жалға алсаң, әр тәулігіне 70 мың теңге төлейсің. Тамағын алмасаң, 40-45 мың теңге. Кенттегі демалыс орындарының бағасы әртүрлі. Бір күн қонуға 1 бөлмеге 40 мың теңге сұрайтын орындар да бар. Автотұраққа көлігіңді тегін қояды, бар қызметі сол. Бөлменің төсегі кір, едені тозған, заттары ескі. Бір байқағанымыз, бағасы қымбат қонақүйлерде ресейлік туристер, ал арзанында қазақтар тұрып жатты. Демалыс орындары көлге 3-5 минуттық жерде орналасқан.

> Жыл сайын отандық туризмді дамытуға үлес қосып, отбасыммен ел аумағында демалып жүрміз. Биылғы демалысты Балқаш көлінің жағасында өткіздік. Бұл жерде демалатын адамға ең қажетті әсем табиғат, таза ауа, шомылатын көл, күнге қыздырынатын жағажай бар. «Қазақстанның Мальдиві» атанған Балқаш – Орталық Азиядағы ірі көлдердің бірі. Оның ұзындығы шамамен 600 шақырымға созылады. Көлдің батыс бөлігінің суы тұщы, ал шығыс бөлігінікі – тұзды. Туристер Балқашты Мальдивпен салыстырғанда көгілдір түсті суын, жұмсақ құмын, таңның ғажайып болып атуы мен күннің батуын назарға алады.

ЖОЛ ЖАҚСЫ, ДӘРЕТХАНАСЫ ЖОҚ

Биыл Балқашта демалушылар санының артуына Қарағанды-Балқаш бағытындағы автобан құрылысуының аяқталуы көп әсерін тигізді. Мысалы, біз автокөлікпен Астанадан Балқашқа дейінгі 570 шақырым жолды 5 сағатта жүріп өттік. Тораңғылыққа бұрылатын жерде тас жолға түсіп, үлкен трассаның астындағы тоннельмен өтесің. Жол белгілері қойылмаған соң, Шұбартүбекке дейін өтіп кетіп, 10 шақырым қайта артқа жүрдік. Демалыс аймақтарына жеткізетін жолға дұрыс белгі қойып, анықтап жазып қойса ғой. Туризмді тек туристердің қалтасын қағу деп түсінетін кәсіпкерлер де, Балқаш қаласының әкімдігі де бұған басын қатырмағаны өкінішті-ақ.

Тағы бір байқағанымыз, Қарағанды-Балқаш бағытындағы автожолда бар-жоғы 4-5 дәретхана тұр. «Қазавтожол» мекемесі орнатқан дәретханалардың көбісінің есігі жабық. Ашық тұрғанының іші лас, иісі қолқаңды қабады. Туризмді түлеткен түріктерден үйренетін нәрсеміз көп. Мысалы, Түркияда демалыс аймағына баратын жолда дәретхана ғана емес, тамақ ішетін жер, шомылуға қажетті заттар сатып алатын дүкен қалаған кезде табылады. Сол жақта қазақ туристердің де біразын кездестірдік. Соның ішінде Түркияға 20 рет барып, демалғандары да бар. Бұл – туристерге көрсетілетін қызметтің сапасының аса жоғарылығы шығар. Балқаштағыдай бейберекетсіздік (сервистің күрт қымбаттауы, жанармайдың тапшылығы, қонақүй бағаларының тез өсіп кетуі және т.с.с.) ол жақта жоқ.

ШЕНЕУНІК СӨГІС АЛДЫ, СЕРВИС ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ

Өткенде Президенттің туризмді дамытуға қатысты тапсырмасынан кейін, вице-премьер Ермек Көшербаев пен Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосыновтың туристік аймақтарды аралап, Үкімет басшысы бірнеше шенеуніктерге, әкімдерге (соның ішінде Балқаштың әкімі де бар) сөгіс бергені мәлім. Бірақ сол сөгістен кейін, ештеңе өзгерген жоқ. Жүйелі мәселелер сол шешілмеген күйінде қалды. Жай тексеріс жүргізіп, біреуге қатаң сөгіс бергеннен туризм ілгерілеп кетпейді. Балқашта туризмді шын мәнісінде дамытуға өте қолайлы жағдайлар бар. Соның бірі – кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы орта. Мәселен, Тораңғылықта кәсіпкерлер екі айда жатын орнын жалға беріп, шағын дүкенінде азық-түлік сатқанын қанағат тұтып отыр. Одан әрі қайығының 1 сағатын 5 мың теңгеге жалға бергенін, я болмаса катерге тіркеп алған SUP-тақтасына 2500 теңге алғанына мәз. Біреулер демалушыларды бейнетаспаға түсіріп, екінші біреулер күннен қорғанатын шатырын ұсынумен шектеліпті. Көлдің жағалауында қаншама жер бос жатыр. Суы жұмсақ, жылы, тұщы көлдің керемет мүмкіндігін туризмге неге пайдаланбаймыз? Бума-бума ақшасын қайда жұмсарын білмей жүрген бай-байшікештер, шетелге шашатындар неге Балқашқа инвестиция салмайды?

Жоғарыда түріктің тәжірибесін мысал еттім. Мысалы, 5 жыл бұрын біз барған Аланья жағалауындағы әрбір қонақүйдің өз жағажай аумағы бар. Жағажайда суға шомылып, күнге қыздырынып қана қоймай, адамға қажетті барлық қызметті тұтына аласыз. Ас-дәмін ішесіз, суда қайықпен серуендейсіз, волейбол ойнайсыз. Соның бәрі бір жүйеге біріктірілген. Бір-ақ рет ақша төлейсің. Жағалаудағы қалада қонақүйлердің құрылысы да көз ілеспес жылдамдықпен жүргізіледі. Демалыс маусымының басында құрылысы басталып, соңында адамдарға қызмет көрсетуге кірісетін отельдер көп. Бізге де солай салуға болады. Сонда қазақтар Түркияға, Мысырға, Дубайға шапқыламай-ақ, Балқашта демалып, қаражатын ел бюджетіне құяр еді.

Әзірге Балқаш әкімдігі ауқоқыс тастайтын урналар жоқ. Ол түгілі, жағажайда дәретхана, суға шомылған іш киімді сығатын жер жоқ. Еріксіз өзін тоқтаған қонақүйге жүгіресің. Өткенде Президенттің сынынан кейін сағат түскі 12.00 мен кешкі 20.00-ге дейін ашық тұратын қоғамдық дәретханалар орнатыпты деседі. Бірақ, біз барғанда оларды көрмедік. Ал сағат 12-ге дейін көлге шомылатындар сонда қажетін өтеуге қайда барады?

Жағажайда жатып, қарның ашатын болса, еріксіз қайта киініп, Тораңғылықты бетке аласың. Себебі, жағажайдағы сыра мен қақталған балық ұсынатын шағын бардан тамақ таппайсың. Фудкорт, дәмхана, лаундж деген атымен жоқ. Айтпақшы, қала әкімдігі алдағы уақытта салынатын нысандар тізіміне осыларды қосыпты. Ол салынып біткенше бірнеше жылдың жүзі болар. Кентте де ішетін тамағыңның құны қымбат. Қызмет көрсету деңгейі әлі сын көтермейді. «Узбечка» деген тәуірлеу дәмханадан түскі ас ішіп едік. Даяшы орысша шүлдірледі. Қол сүртетін қағазды сұрағанда, ол қағаздың құр шөппен сүртіп отыр. Биыл 3 жаңа демалыс аймағын ашамыз деген-ді, тағы 4-еуінің құрылысы әлі басталған жоқ. Жыл басынан бері 3 туристік нысан пайдалануға берілген, бірақ ол қай жерде екені белгісіз. «Жаңа нысан саламыз, инфрақұрылымды кеңейтеміз» деп уәдесін сағызша созып жүргенде, жаз да өте шықты. Балқаштағы бейберекетсізді естіп-білген демалушылардың дені шетелге кетіп қалды.

ЖАҒАЖАЙДАҒЫ ЖАЙСЫЗДЫҚТАР

Балқаштың жағажай орталығы болатындай мүмкіндіктері мол. Тек жаныңды ауыртатын жайттың бірі – тазалықтың жоғы, экомәдениеттің төмендігі. Шетелде демалғанда көлдің, теңіздің жағасына қоқыс тастаған бірде-бір адамды көрмейсің. Ал Балқашта демалып жүрген ресейлік туристердің, өзіміздің қазекеңдердің жағажайда жатқан жеріне бос құты, шыны, қағаз, шемішке, темекі қалдықтарын тастағанын бірнеше рет көрдім. Өйткені теңге. Өйткені біз асхананы жаппай ұстап тұруымыз керек. Күзде де демалушылар тыныш, табиғаты әсем жер іздеп келеді. Ал қыста үйлеріміз бос тұрады. Бірақ электр қуатын, суының ақшасын төлейміз. Бір тиімсіз жағы осы» дейді ол.

> **БАЛҚАШТЫҢ ЖАҒАЖАЙ ОРТАЛЫҒЫ БОЛАТЫНДАЙ МҮМКІНДІКТЕРІ МОЛ. ТЕК ЖАНЫҢДЫ АУЫРТАТЫН ЖАЙТТЫҢ БІРІ – ТАЗАЛЫҚТЫҢ ЖОҒЫ, ЭКОМӘДЕНИЕТТІҢ ТӨМЕНДІГІ. ШЕТЕЛДЕ ДЕМАЛҒАНДА КӨЛДІҢ, ТЕҢІЗДІҢ ЖАҒАСЫНА ҚОҚЫС ТАСТАҒАН БІРДЕ-БІР АДАМДЫ КӨРМЕЙСІҢ. АЛ БАЛҚАШТА ДЕМАЛЫП ЖҮРГЕН РЕСЕЙЛІК ТУРИСТЕРДІҢ, ӨЗІМІЗДІҢ ҚАЗЕКЕҢДЕРДІҢ ЖАҒАЖАЙДА ЖАТҚАН ЖЕРІНЕ БОС ҚҰТЫ, ШЫНЫ, ҚАҒАЗ, ШЕМІШКЕ, ТЕМЕКІ ҚАЛДЫҚТАРЫН ТАСТАҒАНЫН БІРНЕШЕ РЕТ КӨРДІМ**

КЛИНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ СИПАТТАМАСЫ: АИТВ ЖҰҚТЫРҒАН НАУҚАСТАҒЫ БЕЛДЕУЛІК ГЕРПЕС, ПАЦИЕНТТІ ЖҮРГІЗУ ТАКТИКАСЫ

> Кіріспе альфа-герпесвирустар тобындағы 3-типті герпес вирусы (Варицелла–Зостер вирусы) желшешек/белдеулік герпес (БГ) қоздырғышы болып, егде жастағы иммунитеті төмен науқастарда герпетикалық невралгиядан кейінгі (ГНК), диссеминация, аутоиммунды аурулардың, АИТВ-инфекциясы, гематологиялық және онкологиялық аурулардың популяцияда кең таралуы, ағымның әртүрлі клиникалық нұсқалары және кейде өмірге қауіп төндіретін немесе өлімге әкелетін асқынулардың дамуы назар аударады.

Герпесвирустық процесс барысында бастапқы инфекция (желшешек) және рецидивтер (БГ) бөлінеді.

Бастапқы инфекциядан кейін вирус толығымен жойылмайды, бірақ жұлын және церебральды сезімтал ганглияларда жасырын түрде сақталып, БГ ретінде қайта белсендіріледі және зақымдалған ганглийлердің иннервациясына сәйкес тері аймақтарына (дерматомаларға) әсер етеді.

Патологиялық процеске көбінесе тригеминальды және кеуде жұлын нервтерімен нервтендірілген құрылымдар қатысады, дегенмен кез келген дерматом аймағында байқалуы мүмкін.

Белдеулік герпес: жіктелуі, сырқаттың формалары, клиникалық көріністері

БГ-ның бірнеше клиникалық формалары бар:

* бөртпелерсіз (zoster sine herpete);
* везикулярлы;
* шырышты қабықтың БГ;
* таратылған;
* жалпыланған;
* Хант синдромы;
* офтальмогерпес;
* БГ-ның типтік емес формалары (түсік, ісіну, буллез, геморрагиялық, гангренозды, ойық жаралы-некротикалық).

Біздің бақылауымызда «В20 АИТВ инфекциясы» диагнозымен 58 жастағы науқас болды. Пациент бел аймағындағы тері бөртпелеріне, қышуға, шаншуға, айқын ауырсыну синдромына, шаршауға, тәбеттің төмендеуіне, 6 айда 10 кг салмақ жоғалтуына шағымданып дәрігерге жүгінді. Науқастың айтуынша, бөртпелер 1-ші аптада пайда болған. Өздігінен емделмеген. Аурудың пайда болуы иммундық жүйенің әлсіреуімен байланысты сырқаттанған – тонзилит диагнозы қойылып, емдеуден өтті. 2018 жылдан бастап Астана қаласының ЖИТС орталығында инфекционисте «Д» есебінде тұрады.

Антиретровирустық терапияға (АРТ) міндеттеме жоқ. Жаман әдеттер: темекі шекпейді, кей кездері ішімдік ішеді. Тұрақты жыныстық серіктесі жоқ. Иммунограммада CD4 - 526 кл/мкл, CD8 - 1678 кл/мкл, CD3 - 2125 кл/мкл; вирустық жүктеме (ВЖ) 3,27×10 5 РНҚ көшірмесі АИТВ/мл. Тиісті антиретровирустық терапия тағайындалды.

Status localis қарау кезінде патологиялық тері процесі жіті қабыну сипатына ие. Шектеулі. Дененің бүйір бетінің терісіне жоғырланған. Ісіну, сарысу құрамы бар топтастырылған микровезикулалардың инфильтрациясы, экссудация құбылысының орындары аясында ұсынылған.

Емдеу әдісі:

1. АРВТ-ны жалғастыру;
2. Динамикалық бақылау;
3. №15 диета кестесі;
4. Судан, химиялық заттардан, шаңнан, лас жерлерден қорғану, ауыл шаруашылығы жұмыстарын орындамау;
5. Бриллиант жасылы күніне 2 рет 5 күн бойында терінің зақымдалған жерлеріне жағу;
6. Валацикловир кремі күніне 1 рет 7 күн;
7. Валацикловир таблеткалары 500 мг 1 таблеткадан күніне 2 рет 7 күн;
8. Лоратал таблеткалары 10 мг №10, 1 таблеткадан күніне 1 рет, 10 күн;
9. Диклофенак таблеткалары 25 мг, 1 таблеткадан күніне 1 рет, 10 күн;
10. Демотон В12 дәрумені 5,0 х күніне 1 тері астына енгізу, 5 күн;

7 күннен кейін дәрігердің қабылдауына келу.

АИТВ жұқтырған пациенттерде БГ-ның жиілігі ағзаның иммундық қорғанысының ақауы мен жетілмегендігіне байланысты АИТВ-теріс пациенттерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Сондай-ақ невралгия, көздің, ішкі органдардың зақымдануы, менингит сияқты асқынулардың дамуымен бірге жүретін агрессивті сырқат. Осы дерекпен байланыс хаттамаға сәйкес БГ-ны емдеу және инфекционисттің АРВТ-ны тағайындауы және оны бақылауы, сондай-ақ қажет болған жағдайда БГ-ның асқынуларының дамуын болдырмау үшін басқа мамандардың (офтальмолог, невропатолог) уақтылы консультация алу ұсынылады.

Э.Т.АКСАРИНА,
Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығы» МКҚК достық кабинеттерінің меңгерушісі

№97 (4841) 19/08/2025 Сейсенбі





БҰЛ КӨШЕЛЕРДЕ ОНЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН...

Ұлттық музейде классик жазушы Федор Достоевскийдің өмірі мен шығармашылығына арналған «Бұл көшелерде оның ізі қалған...» көрмесі ашылды.

Экспозицияда әйгілі қаламгердің Семейде тұрған кезеңі (1854-1859 жж.) қамтылып, қаланың XIX ғасырдағы бейнесі, жазушының әскери қызметі, замандастары және шығармашылық еңбегі жан-жақты көрсетілген. Көрмеге Семейдегі Ф.Достоевский атындағы әдеби-мемориалдық музейі қорынан 100-ге жуық зат, соның ішінде қаламгердің шығармалары, хаттары, естеліктер, фотосуреттер, тұрмыстық бұйымдар ұсынылды.

Орыс жазушысының қазақтың дарынды перзенті Шоқан Уәлихановпен достық қарым-қатынаста болғаны белгілі. Екеуі кездесіп, хат жазысқан. 8 қыркүйекке дейін жалғасатын көрмеден Достоевский мен Уәлихановтың 1858 жылы Семейде түскен суреттері, Шоқанның мүсіні мен еңбектері де орын алды.

БЕЙНЕРОЛИК БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Астана қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған бейнеролик байқауы мәресіне жетті. Осыған байланысты байқау қорытындыланып, жеңімпаздарға жүлделер тапсырылды.

Аталмыш байқауды Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен мұражайлар дирекциясы Instagram желісінде жариялаған еді. Оған оннан астам шығармашылық жұмыс келіп түсті. Байқау комиссиясы әр жұмысты мұқият саралап, Абай өлеңдерінің мәнін терең ашқан үздік бейнероликтерді іріктеді.



Қорытынды кеш Ұлттық өнер музейінің концерт залында өтті. Конкурсқа Астанадан ғана емес, Теміртау, Қарағанды қалаларынан да қатысушылар мен көрермендер арнайы келіп, марапаттау рәсіміне қатысты. Іс-шараға Астана қаласы Байқоңыр аудандық ардагерлер кеңесінің ұжымы да куә болды.

Бас жүлде ретінде Абай Құнанбайұлының өзі ұстаған домбыраның көшірмесі Koktal Junior Hall ұжымына табыс етілді. Өзге қатысушыларға музей шеберлері жасаған сазсырнайлар сыйға тартылды.

Кеш барысында «Жошы» этно-фольклорлық тобы өнер көрсетіп, өнерпаз-шебер Азамат Бақия лекция-концерт өткізді. Кеште қазақтың көптеген ұлттық аспабы таныстырылып, ұлттық әуендер әуеледі.

Іс-шара кезінде Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен мұражайлар дирекциясы қызметкерлеріне Ұлттық өнер музейінің алдын ала таныстырылымы да өтті. Жақында ашылатын жаңа мәдени кеңістік ұлттық өнерімізді кеңінен насихаттауға бағытталған. Ресми ашылудан кейін музей қала тұрғындары мен қонақтарына есігін айқара ашады.

Қабиден ҚУАНЫШБАЙ

«АСТАНА» КӨШ БАСТАДЫ

Футболдан Қазақстан чемпионатының премьер-лигасында 21-ші турдың ойындары өтті.



Бұл турда «Астана» командасы осыған дейін көш бастап келе жатқан Алматының «Қайрат» клубына қуып жетіп, турнир кестесінің бірінші сатысына көтерілді. «Астана» бұл турда өз алаңында биыл премьер-лигаға қосылған Жезқазғанның «Ұлытау» командасын 4:0 есебімен ойсырата ұтты. Ал «Қайрат» болса өз алаңында «Елімайдан» 2:3 есебімен жеңіліп қалды.

Осылайша, чемпионат басталғалы көш басына алма-кезек таласып келген «Қайрат» пен «Астана» арсындағы бәсеке тіптен қыза түсті. Қазір екі командада 43 ұпайдан бар, алайда соққан және өткізген доп айырмасы бойынша елордалық команда бірінші орынға шығып тұр.

Тағы бір қызықты ойын Шымкентте өтті. Жергілікті «Ордабасы» Қостанайдың «Тобылынан» жеңіліп қалды.

Премьер-лиганың аяқталуына 5 тур қалды. Әзірге көш басында бірдей ұпай жинаған «Астана» мен «Қайрат» тұрса, турнир кестесінің соңында «Атырау» мен «Ұлытау» қалып келеді.

Елордадағы «Жерұйық» саябағында Алматы ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыруымен Спорт күніне арналған мерекелік іс-шара өтті.

«ЖЕРҰЙЫҚТАҒЫ» ЖАРЫСТАР

Оның барысында қала тұрғындары мен қонақтары ұлттық спорт түрлерінен қызықты сайыстарға қатысты. Алаңда достық пен бәсекелестік рухы сезіліп, қатысушылар гир спортынан, қол күрестен, асық атудан, ләңгі тебуден және арқан тартудан өз шеберліктерін көрсетті. Жарыс қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлер естелік сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

Мерекелік бағдарламаны «Отбасы тайм» жобасы аясында «Камертон» студиясы мен Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының шығармашылық ұжымдары көркемдеді. Іс-шара спорт пен салауатты өмір салтының нағыз мерекесіне айналып, аудан тұрғындарына қуаныш пен ұмытылмас әсер сыйлады.



ҮЗДІК ДОЙБЫШЫ АНЫҚТАЛДЫ

Спорт күніне орай елордадағы №89 мектеп-лицейде 100 шаршылы дойбыдан Астана қаласының чемпионаты өтті.

Жарыс ерлер, әйелдер, жастар, юниорлар, жасөспірімдер және балалар арасында жеке тәртіпте өтті және оған 200-ге жуық спортшы қатысты.

Іс-шара Астана қаласында балалар мен жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын оятып, оларды белсенді өмір салтына тартуға бағытталған.

«Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында бұқаралық спортты дамытуды басты басымдықтардың бірі ретінде атап өтті. Осы мақсатта біз бүгінгі чемпионатты ұйымдастырып отырмыз. Бұл тек жарыс – емес, бұл үлкен мен кішіні біріктіретін, ой-өрісті дамытатын, салауатты өмір салтын дәріптейтін маңызды іс-шара. Аға буын өкілдерінен бастап, жастар мен жасөспірімдерге дейін зияткерлік дойбы ойынына қызығушылық танытып жатқаны қуантады. Бұл қадам қоғамның ой-өрісі мен салауатты өмір салтын ұстануға деген ұмтылысын нығайтады» дейді Астана қаласының дойбы федерациясы президенті Қалкеш Әбішев.

Ал, турнир қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысатын Астана қаласының үздік дойбы шеберлері анықталды.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №97

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

ASTANA AQSHAMY